

## ХАТТАМА № 1

«Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған  
гимназия-интернаты» КММ  
Қамқоршылық кеңес отырысы

08.09.2021 ж.

Қатысқандар: 13 адам

Қатыспағандар: жоқ

### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Директордың 2020-2021 оқу жылына қатысты есебі
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту, төрағасын сайлау;
3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын қарастыру;
4. Ұзартылған күн тобының (продленка) жұмысын ұйымдастыру.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Отырысты мектеп директоры Бакиров Е.Р. бастап, күн тәртібімен таныстырды. Алғашқы сұрақ бойынша өткен оқу жылына қатысты есеп берді. Өткен оқу жылын 478 оқушы аяқтады. Оның ішінде үздіктер 125, ЖОО грантқа түскен оқушылар – 46. ҰБТ- ның орташа ұпайы – 107. Облыстық олимпиада бойынша – 22 орын, облыстық ғылыми жобалар – 11 орын. «Зерде» ғылыми жобасы бойынша – облыстық – 13, оқу үлгерімі – 100%, сапа – 91,8%. Және де Қамқоршылық кеңес жұмысының арқасында көптеген іс-шаралар жүзеге асқандығын айтып, қатысқандарға алғыс білдірді.

Келесі сұрақ бойынша биылғы жылғы Қамқоршылық кеңесі құрамы да, төрағасы да өзгергелі жатқандығын, оның себептерін түсіндіріп берді. Жиналған ата-аналарды таныстырды, көпшілік дауысқа салумен төмендегідей құрамды бекітті:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Тоқшылық Ерлан Бейсенұлы - «QAZAQSTAN» РТРК» АҚ Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры, облыстық маслихат депутаты.  
Құрамы:

1. Оспанова Алмагуль Есенаевна - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының бас маманы;
  2. Даиров Кайрбек Жасуланович - ЖШС «Командос» арнайы агенттігі» директордың орынбасары, мемлекеттік емес ұйымнан;
  3. Джаксылықова Асем Кайратовна - ата-ана, жеке кәсіпкер;
  4. Омарова Айпур Амангельдиновна - ата-ана, жеке кәсіпкер;
  5. Мадиева Динар Сайрановна, - ата-ана;
  6. Қожамқұлова Алия Батырхановна - ата-ана;
  7. Мухамеджанов Жанат Кабдульрахимович- ата-ана, СҚО азаматтық аялыясының төрағасы;
  8. Аубакирова Бақытгүл Бохаевна - ата-ана, СҚМУ, аға оқытушысы;
  9. Жанабаев Алмас Алибекович - ата-ана, «Отбасы» банкінің директоры;
  10. Жайжұманов Бауыржан Абайұлы - ата-ана, экономикалық соттың төрағасы.
- Ата-аналар тарапынан қарсылық болмаса, Қамқоршылық кеңестің хатшылығына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенғалиева Ж.К. болсын деген ұсыныс тасталғанды, отырғандар қолдады.

Қамқоршылық Кеңестің осыған дейінгі төрағасы Жалғасбаев Б.Н. қызметіне байланысты босатылды, ол кісіге және 1 жыл жұмыс істеген құрамға алғыс айтылды.

Жаңа төрағалыққа Жалғасбаев Б.Н. ұсынылды. Отырғандар бірден қолдады.

2. Былтырғы жылғы Қамқоршылық Кеңестің жұмыс жоспары қаралып, биылғы жылғы жоспар қайта қаралып, түзетулер, қосымшалар қосу мәселесі сөз болды. Қай саладан көмек көрсету керектігі, продленка мәселесі, қосымша сабақтар, оқушыларды еңбекке тарту

жағдайлары сөз болды. Отырғандар биылғы жылға жоспар құрып, сол бойынша жұмыстар атқаратын болып келісті.

3. Биылғы жылы ата-аналар тарапынан оқушыларға ақылы қосымша сабақтар көптеп сұралды. Соның бірі - бастауыштар үшін ұзартылған күн тобы (продленка). Оның бәрі ақылы түрде жүргізіледі, ол келісімшартта көрсетілген. Оған ақылдаса отырып, мектеп әкімшілігі екі нұсқа ұсынған бірі – 15000тг; екіншісі – 20000тг.

Ата-аналар көпшілігі 1-ші нұсқаны таңдады. Отырыста осы мәселе қаралып, отырғандар ата-ана шешімімен келісіп, ҰКТ (продленка) құны 15000 теңге деп бекітті. Сабақ беретін мұғалімнің де ақысы қарастырылатыны айтылды. Олардың ақысы белгілі бір есепшотқа түсуі керек. Осы мәселені тезірек шешу керек. Қамқоршылық кеңес түскен қаржыға бақылау жасап отырады.

#### ҚАУЛЫ:

1. Директор Е.Р.Бакировтың өткен оқу жылына қатысты есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. 2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық Кеңес төрағасы болып Тоқшылық Е.Б. сайлансын.
3. Қамқоршылық Кеңестің жұмыс жоспары қайта қаралсын.
4. Қамқоршылық Кеңестің шешімімен ҰКТ (продленка) жұмысы ұйымдастырылсын

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  
Хатшы:

  
Е.Б.Тоқшылық  
Ж.К.Есенғалиева

1. Тоқшылық Ерлан Бейсенұлы
2. Оспанова Алмагуль Есенаевна
3. Даиров Кайрбек Жасуланович
4. Джаксылықова Асем Кайратовна
5. Омарова Айнур Амангельдиновна
6. Мадисва Динар Сайрановна
7. Кожамкулова Алия Батырхановна
8. Мухамеджанов Жанат Кабдульрахимович
9. Лубакирова Бақытгүл Бохаевна
10. Жанабаев Алмас Алибескович
11. Жайжұманов Бауыржан Абайұлы

  
  
  
  
  
  
  
  
  
